РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

# ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ

№79(1)

наурыз

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бағалау.<br><br>Үй тапсырмасы | <br>10 балдық жүйемен бағалайды<br> | | | |

***Түркістан облысы, Төле би ауданы***
***«Жыланбұзған жалпы білім беретін мектеп» КММ***
***Информатика пәні мұғалімі***
***Каратаева Луиза Халыкуловна***

## Информатика пәнін заманға сай жаңаша оқыту

Аңдатпа. Мақала информатика пәнінде қолданылатын жаңаша әдістер мен олардың қолданылуы туралы жазылған. Жаңаша оқыту арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен олардың сабаққа деген ынтасын арту басты мақсат ретінде көзделген. Информатика пәнінің білім беру саласындағы орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отыратыны секілді сабақ үдерісінде де жаңаша оқыту формасы жыл өткен сайын өзгеріп отырады. Озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Сол себепті де оқушыларды заман талабына сай оқытудың жаңаша стратегиялары туралы толық жазылған.

Түйінді сөздер: стратегия, озық технология,цифрландыру

Кіріспе: Қазіргі білім беру саласының басты мақсаттарының бірі – оқытушының білім алушыларға сабақ беру үдерісінде тиімді әрі жаңаша оқыту құралдарын қолдану болып табылады. Дәстүрлі білім беру саласында оқушыларды тек оқулықта берілген ақпараттармен оқытатын болса, қазіргі оқушыларды жаңаша әдістермен қатар жаңаша технологияларды қолданып оқыту шарт болып табылады. Оқушыларға кез - келген пәнді оқыту барысында ақпаратты тек қана көрсетіп қана қоймай, оқушылардың көзбен көріп, қолмен ұстауға арналған көрнекіліктер мен әдістерді қолданған дұрыс деп есептеледі.Қоғам өміріндегі жаңа өзгерістер және олардың тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына арнайы міндеттерді қойып отыр. Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындап шығару. Информатика пәні мұғалімдерінің білім алушыларды оқыту барысында бірсарындылықты түбегейлі жойып, олардың білім алу процесін цифрландыруды қолға алу көзделіп отыр. Бұл компьютерлік бағдарламаларды еркін меңгерген ұстаздар үшін қатты қиындық соға қоймайтыны сөзсіз. Заман талабына сай оқыту арқылы оқушылар компьютерді еркін пайдалана алатын, компьютерлік бағдарламаларды өз өмір жолдарында тиімді пайдалана алатындай тұлға болып қалыптасуы қажет. Сол кезде ғана қазіргі оқушылардың болашақ мықты маман болатыны сөзсіз.

Елімізде ақпараттық технологиялар мемлекеттік басқару саласында ширек ғасырдан бері қолданылып келеді. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Елбасы

Жолдауы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес цифрлық ресурстарды ұлғайтуда білім берудің ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдар желісімен біріктіру қолға алынып жатыр. Бүгінгі таңда еліміздің экономикасының барлық саласын цифрландыру күн тәртібіндегі басты тақырыптардың бірі. Осы бағытта жүргізіліп жатқан белсенді жұмыстың алдыңғы бағыттарының бірі білім беру саласын цифрландыру. Цифрлық сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық саласында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы мен қабілеті. Білім мен ғылым - мемлекеттіміздің әлеуметтік- экономикалық күш-қуатының өркендеуінде негізгі қозғаушы күші болып табылады. Білім саласын дамыту инновацияны енгізуге септігін тигізіп, жастарды қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға қажетті білімдер мен дағдыларымен қамтамасыз етеді.

XXI ғасырдың жан - жақты зерделі, дарынды, талантты адамды қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу ерекшелігі тиіп отыр.

Қазіргі заман талабының өзі оқушыны 1-орынға қою, яғни мұғалім сабаққа бағыт беруші болып, оқушы алдын-ала берілген тапсырмалар арқылы сабақ түсіндіріп, өздік, өзіндік таңдау жасап, бірін-бірі бағалап, өз ойларын толық жеткізіп, білім беруші рөлін алады. Осы заманғы білім беру ісінің өзекті мәселесіне оқушыларға түсетін ауыртпалықты жою, олардың бойында оқуға деген қызығушылықты, белсенділік пен өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін арттыру жатады.

Заман талабына сай білім беру оқушылардың информатика пәніне деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймайды, олардың кез – келген бағдарламалар мен компьютерді еркін пайдалана алуына мол мүмкіндік береді. Мектеп қабырғасында компьютерді еркін пайдалана алған оқушы болашақта бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайды.

Информатика сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыратын құрал ол – интерактивті тақта. Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылықтары:

Бағдарлама бойынша барлық оқушыларына қолайлы;

Web-сайттарды, басқа да құралдарды қолдана отырып жаңа материалдарды түсіндіруге, меңгеруге қолайлы;

Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны сынып оқушылары арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Интерактивті тақта сыныптағы барлық оқушылардың басты назарына айналуына байланысты орталықтан демонстрациялауға қолайлы жағдай туғызып алады.

Мұғалімнің де, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге мүмкіндік береді.

Оқушы алдына жаңа материалды жинақы түрде көрсете отырып, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік алады.

Информатика сабағында оқушыларға жаңаша білім беруді белгілі бір кезең бойынша емес сабақтың барлық кезеңдерінде еркін қолдана аламын. Оқушыларға жеке, жұптық немесе топтық тапсырмалар берген кезде де әр кездегідей компьютер планшеттермен жұмыс түрлерін ұсына аламын. Өзге пәндер сияқты информатика пәні де сабақ барысында ерекше жаңаша әдістермен, түрлі платформалармен қолданумен өтеді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын жоғалтпай алмас үшін, сабақ оқыту үдерісіне жаңашылдықты енгізіп отырған дұрыс. Оқытуда біріншi баланың өзін-өзі реттеуіне жағдай жасап, үйрету қажет. Оқушыны оқуда белсенді ету үшін оның нені білетіні мен не білмейтіндігіне көңіл бөлуіміз қажет. Оқушыға әртүрлі сұрақтар мен тапсырмалар беру барысында оларды орындауына уақыт беріп, тыңдап, түсіністікпен қарап, бірін-бірі оқытуына мүмкіндік берген жөн. Сонда ғана оқытуда оқушылар өздеріне деген жауапкершілікті сезінеді, өзіне деген сенімі күшейіп, оқуға деген белсенділігі артады. Білім үдерісінің нәтижелі болуы оқушының өздігінен меңгеріп, өзі үшін оқу керектігін түсінуі болып табылады.

Мен өз сабақтарымда сыни тұрғысынан ойлау әдісінің кейбір элементтерін атап айтсам «Венн диаграммасы», «Білемін. Білдім. Білгім келеді», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Маған шабуыл», «Ой толғау» және тағы да басқа әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Жаңа тақырыпты меңгерту мақсатында «Ойлан, бірік, бөліс» , «Адасқан сөздер», «Джиксо», «Аквариум» әдістерін қолданамын. Сабақты ұйымдастыру барысында «Миға шабуыл», «Кластер», «Мозайка», «Кондыктағы сурет», «Сәйкестендіру», «Сиқы қобдиша» әдістерін пайдаланамын. Оқушыларды жалықтырмай алмас үшін ойын түрлерін қолдана отырып оқушыларды сергітіп аламын. Оқушылардың барлығы компьютерді меңгеру бірдей еместігін ескеріп «Жеке жұмыс», «Деңгейлік» тапсырмалар , «Жұптық жұмыс» әдістерін қолданамын. Бұл аталған әдістердің барлығы да күнделікті қолданып жүрсе оқушылардың жадында сақталып қалады. Оқушылар уақыт өте келе бұл әдістерден де шаршап, сабаққа деген қызығушылықтары төмендей бара жатырғандығын байқадым. Сол себепті де оқушыларға арналған онлайн платформаларды сабағыма кіріктіруді жөн санадым. Платформалық оқыту бағдарламалық жасақтамасының өсіп келе жатқандығының арқасында біз бүгінде білім беру үшін онлайн оқыту мен дамуға тез көшеміз. Сандық абоненттердің өсіп келе жатқан саны интернеттегі білім

беру платформасының құралдарына сұраныстың артуына әкеліп қана қоймай, оқытушының рөлін жаңа қырынан өзгертті.

*Жалпы және орта білім беретін ұйымдарда онлайн бағдарламалар арқылы мектеп оқушыларымен жұмыс жасау өте қолайлы әрі тиімді. Оқытушы заман талабына сай білім жүйесін меңгере алады, ал әрбір оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен алғысы арта түседі. Бұл бағдарламаларды пайдаланудың екі тиімді жағы бар: біріншіден оқытушы мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнайды, екіншіден оқушылар арасында бәсекелестік туындап, тиімді оқыту жолдарын ұсынып, жаңа мәліметтер мен тақырыпты толық игеруге қызығушылығы оянады.*



Сканировано с CamScanner

көзімен көріп, мұрынмен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымсыз» деген. Яғни, бала теорияны меңгеруімен қатар, тәжірибе жүзінде де қатай жасау қажеттігін ұғынуы керек. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында шығатын сұрақтар туындайды. Оқушылар өзара пікірлері мен болжамдар айта отырып, бірлесе жұмыс жасайды. Бұл тұста «Жұптық әңгіме», «Әңгіме-дебат» сияқты әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді. Сабақтарымда топтық жұмысты жиі қолданамын. Жыл мезгілдеріне байланысты компьютердің негізгі, қосымша құрылғылары бойынша, тақтадағы мерзімдерінің түрлеріне қатысты немесе алгоритм түрлеріне байланысты тағы да басқа тәсілдерді қолданып сабақтарымда сыныптағы оқушыларды 2 топқа, 3 топқа, 4 топқа дейін бөлемін. Оқушылар топқа әр түрлі әдіспен тер арқылы бөлінген кезде ешқандай қарсылық білдірмей, бірден іске кірісіп кетіп жатады. Бір-біріне деген жанашырлықтары, өзара татулықтары, ұйымшылдықтары үнемі байқалып тұрады.

Сабақ барысында жаңа технология элементтерін пайдалану барысында күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзыреттілігі қалыптасқан, өз ойын толық, нақты, мазмұнды жеткізе алатын, шабытты, білімді, жан-жақты, өз елін сүйе білетін болашақ ұрпақты тәрбиелеу, қалыптастыру

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. С.С Сейталиева Интерактивті тақта мүмкіндіктерін қолдану, 2010ж. №5
2. Халықова К.З. «Информатиканы оқыту әдіс-тәсілдері»
3. К.Ж.Бұзаубакова. Білім берудегі инновациялар. ТарМПИ 2014

***Түркістан облысы, Төле би ауданы***
***«Жыланбұзған жалпы білім беретін мектеп» КММ***
***Ағылшын тілі пәні мұғалімі***
***Абдазова Фатима Пайзирахмановна***

# The Role of Teacher Feedback in English Language Development

Introduction

Feedback is widely regarded as one of the most crucial components of effective language learning, particularly in the acquisition of English as a second language. For English learners, receiving timely, constructive, and clear feedback from teachers plays an essential role in their language development. Feedback offers learners an opportunity to reflect on their progress, identify areas for improvement, and develop a deeper understanding of language rules and usage. This article examines the role of teacher feedback in English language development, exploring its different types, impact on language acquisition, and practical strategies for effective feedback delivery.

Types of Teacher Feedback

Formative Feedback

Formative feedback is integral to the learning process as it provides continuous assessment throughout the course or lesson. Unlike summative feedback, which evaluates performance at the end of a learning period, formative feedback is designed to inform students of their current progress and guide them toward improvement. In English language classrooms, formative feedback may focus on specific language skills, such as grammar, vocabulary, pronunciation, and fluency. For example, teachers might provide immediate correction during a speaking activity or offer suggestions for improvement in writing tasks. This ongoing feedback process ensures that students are continuously adjusting and improving their skills.

Summative Feedback

Summative feedback, on the other hand, is typically provided at the end of an assessment or learning period. It is often used for evaluation purposes, offering a comprehensive view of a learner's overall performance. While summative feedback can include grades, scores, or marks, it is also an opportunity for teachers to give more detailed reflections on a student's strengths and areas for improvement. In English language development, summative feedback can help students understand the overall quality of their language use, but it may not offer as much detailed, actionable guidance as formative feedback.

Corrective Feedback

Corrective feedback is perhaps the most widely recognized form of feedback in language learning. It specifically targets language errors and aims to help learners produce accurate language forms. In English, corrective feedback may focus on grammar mistakes (e.g., tense errors), lexical issues (e.g., improper word choice), pronunciation, or sentence structure. There are several approaches to providing corrective feedback:

Direct feedback: The teacher explicitly corrects the error by providing the correct form.



Сканировано с CamScanner

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН

№15616-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БОЛЫП САНАЛАДЫ

**Республикалық педагогикалық ғылыми басылым**

**"ӨРЛЕУ"**

# ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

## Каратаева Луиза Халыкуловна

**"Үздіксіз педагогикалық білім"**

**№79(1) наурыз 2025 жылы жарық көрді**

"ӨРЛЕУ"

Бас редактор:Усипбаева Г.М

№026

Сканировано с CamScanner

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН

№15616-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БОЛЫП САНАЛАДЫ

**Республикалық педагогикалық ғылыми басылым**

**"ӨРЛЕУ"**

# СЕРТИФИКАТ

**Каратаева Луиза Халыкуловна**

***"Үздіксіз педагогикалық білім"***

**№79(1) наурыз 2025 жылы жарық көрді**

**10.03.2025** **№026** **Бас редактор Усипбаева Ғ.М.**

**Берілген күні**

Сканировано с CamScanner

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН

№15616 -Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БОЛЫП САНАЛАДЫ

**Республикалық педагогикалық ғылыми басылым**

**"ӨРЛЕУ"**

# ДИПЛОМ

## Каратаева Луиза Халыкуловна

**"Үздіксіз педагогикалық білім"**

**№79(1) наурыз 2025 жылы жарық көрді**

"ӨРЛЕУ"

Бас редактор Усипбаева Г.М.

10.03.2025

Берілген күні

№026

Сканировано с CamScanner

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL AND PEDAGOGICAL JOURNAL

# INNOVATIVE TEACHERS

№2 НАУРЫЗ 2024



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ✓ *3. Что такое дискриминант?*<br>✓ *4. По какой формуле находится корни квадратного уравнения?*<br>***Обратная связь:***<br>*При правильном ответе – хлопок.*<br>Оцените свою деятельность на уроке с помощью **рефлексивной мишени.**<br>Моя активность на уроке<br>Я понял алгоритм<br><br>Могу решить<br>Могу применить при решении задач | | |

# — XXI ҒАСЫР - ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ


**Каратаева Луиза Халыкуловна**

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,*

*"Жыланбұзған" ЖББМ*

*Информатика пәнінің мұғалімі*


Алты алаштың баласы бас косса, кәдірлі орын – мұғалімдердікі,- деп бір ғасыр бұрын қазақ педагогикасына Мағжан Жұмабаев жазып кеткен екен[1]. Бала оқыту мәселесі әрқашан да өзектілігін жоймайтын мәңгілік жырлауға болатын қиын да қызық тақырып. Себебі, педагогика жай ғана бала тәрбиесі жайындағы ғылым емес, жалпы бүтін адамды қалыптастырып немесе қайта тәрбиелеп заманды өзгертетін ғылым. Білім беру теориялары тек студент пен оқытушының өзара әрекеттесуі ғана емес (өзара әрекеттесудің микро деңгейі), сонымен қатар мемлекет пен білім беру жүйесінің, студенттер мен оқытушылардың әлеуметтік топтарының өзара әрекеттесуін де қарастырады екен. Бұл білімнің қоғамға макро әсер ету деңгейі [2].

Ал қазірде мұғалімнің көздейтін мақсаттары мен атқаратын міндеттеріекі еселенді. Цифрлық дәуір басталғалы бері «мұғалімнің құзыреттілігі»,

«инновациялық білім беру» немесе «жаңа бағдарламамен білім беру», «білім беру дағдыларын жетілдіру», «12 жылдық білім беру» деген сияқты ұғымдар қолданысқа еніп, білім беру жүйесі кемелденген әлемнің озық мемлекеттері қатарына кіруге деген талпыныс күшейе түсті. Осыған орай, педагогиканың қарастыратын мәселелері өте көп. Яғни, баланың жас ерекшелігі, оның дұрысұйықтауы, отбасындағы ахуал, тамағының тоқтығы, көйлегінің көктігі, жан дүниесі т.с.с. барлығы дерлік ұстазды толғандыратын, білім алуға әсер етуші факторлар болып табылады. Бұл жайты кешегі Мағжан, Жүсіпбектер де басын ашып жазып кеткен екен: «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағип, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда інгәлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Міне осы адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» [1].

Алаш зиялысымен келісе отырып, тәуелсіздік таңының педагогтері жалпы бала оқытуда тәрбие беру, білім беру және оқыту үштігін қатар алып жүруге барынша тырысып бақты. Уақытпен жарыса құбылып, құндылықтар жыл сайын ауысып жатқан заманда, әрине, ұстаздарға таудан биік талап қойылып. Демек, еңдігі кезде білім беруші тек мәліметтерді берумен ғана емес, сол мәліметтерді қалай тауып, өңдеуге болатынын үйретуге көшті. Бұдан былай, мектеп мұғалімі теорияны түсіндіріп, оқушыдан соны қайта айтып беруін талап етуден бөлек, сол ғалымдардың ойына оқушы келіседі ме деу тұрғысынан сыни ойлауға баулиды. Мектеп үлкен өмірге табалдырық болғандықтан, көшбасшылық қабілеттермен қоса ұжымда бірлесе алуына, кез-келген істі тиімді жоспарлауына, кемінде 3 тілде еркін сөйлеуіне, ақпараттық-бұқаралық технологияларды яғни интернет сауаттылығын

игеруіне баса назар аударады. Сонымен қоса, білім алушы бүгінде өзін-өзі бағалайды, өзгені де бақылайды.

Педагогика жүйеде шыңдықты игеруге бағытталатын, бірсыдырғы емес жан-жақты ойлауды қиталандыратын, оқытудың ләззатына, жетістіктердің қуанышына, жетістік педагогикасына негізделген гедонистік принципке сүйенетін, мобильді рөлдік ойын секілді: мұғалім бір уақытта оқушыға сабақбереді әрі одан үйренеді (тәжірибе жинайды дегені болса керек) [3] .

Бұл дегеніміз ортта қалған ғасырдағы жай ғана «бесе оқысаң болды» деген түсініктен анағұрлым биік. Өйткені, XXI ғасырдың жұмыскерге қоятын талабында ол орта мектепті үздік бітірумен ғана шектелмей, ерікті түрде қоғамдық іс-шараларға атсалысқан, цифрлық технологияларды жақсы меңгерген, ағылшын тілінде еркін сөйлейтін, тың жаңалықтары



Сканировано с CamScanner

мен ерекше идеялары бар, кез-келген ортада өз ойын сауатты жеткізе алатын жауапты маман болуы тиіс. Өткен ғасырмен салыстырғанда бізде тәуелсіздік, яғни еркіндік бар дедік. Дегенмен, оқушылар ой еркіндігі екен деп өз ұстаздарын түзету ниетімен кейде сөзбен түйреп, шектен шығып кететін кездері деболады. Сәйкесінше оқытушы мамандығының беделіне де нұқсан келеді. Осы сияқты басы ашылмай жатқан дау-дамайлар өте көп.

Орта білім берудегі қазіргі мәселелер:

- Мамандардың білім сапаларының төмендігі(сападан гөрі санға жауап беріп жүр)
- Оқулықтардың оқушыларға қажетті ақпаратты бере алмауы( оқулықтар өте көп, әрі ауыр болғанмен ішінде, мәселен, пәлендей тақырыпқа эссе жазыңыз немесе берілген кестені толтыр деген сияқты мұғалімнің қызметін атқаратын, балаға керексіз дүниелер өте көп.)
- Жоғарыдан келіп жатқан бағдарламаларды ысырып қойып, дәстүрлі сабақ жүргізу ( көбіне шет аймақтарда оқытушылар критериалды бағалау жүйесін місе тұтпай, бұрын жеген «сары майын» аузының суы құрып тамсанумен балаларға бұрынғыдай «екімен оқитын бала», «үштің қызы» деген таңба қойғысы келетіндер бар.)
- Қағазбастылық (мұғалімдердің толтыратын құжаттары(сынып журналы, тәрбие журналы, тәрбие сағатының/сынып сағатының журналы, ұзақ/орта/қысқа мерзімді жоспар т.б.) көп болғаны соншалық ,бар күш- жігерін дәптер тексерумен сарқиды.)
- Мұғалімдер мен оқушылардың онлайн оқуға әлі де дайын еместігі( бұған еліміздің экономикалық және әлеуметтік факторлары да әсер етеді.)

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы елеулі проблемалар:

- магистратура мен PhD докторантураға түсуге, мемлекеттік бағдарлама бойынша оқуға үміткерлерді іріктеу жүйесінің жетілмегендігі;
- мемлекеттік тілдегі оқулықтардың өте аз болуы;
- материалдық - техникалық жабдықтардың әлсіздігі (ғылыми-зерттеу зертханаларының, заманауи жабдықтардың, компьютерлік желілердің,ақпараттық технологиялардың және т. б. жетіспеушілігі);
- оқу жоспарлары мен оқыту әдістері болашақ маманның нақты практикалық қызметі үшін қажетті білім мен дағдыларды толық қамтамасыз ете алмауы;
- білім берудің еңбек нарығына сәйкес келмеуі;
- қазақстандық жоғары оқу орындарының дипломдары шетелдерде бағаланбауы;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәртебесі тиісті деңгейде емес. (Ғылыми қызметкерлердің еңбекақысының төмендігі, ал Ғылым - бұл инновациялар мен жаңғырту); [3,5].

Осылар секілді немесе бұлардан басқа да қиындықтардың болуы заңды да. Жоғарыдағы олқылықтардың орнын толтыруға мемлекет басшылары тырысып-ақ бағуда: мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін оқуларға жіберіп, білікті мамандарды қатыстырып семинарлар ұйымдастырып, шетел педагогтарымен тәжірибе алмастыруға жіберіп, жаңа бағдарламаларды түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар, ата-аналарға арналған үйірмелер де бой көтеріп жатыр. Өйткені, қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты — ой-өрісі дамыған, жан- жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние-танымы биік, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Ғаламдану өркениетімен қазіргі заманғы әлемде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады. Әлем елдеріндегі білім беру жүйесінің құрылымы түрлiше.Әлем елдерінің білім беру жүйесі ерекшеліктеріне қарай даму үстінде. Себебі кез келген елдің бәсекелестік мүмкіншіліктері көбіне білім беру жүйесінің жай-күйімен анықталатын мемлекеттің әлеуметтік капиталының дамуына тәуелді [3].

Болашақ көш бастайтын лидер де, өмірімiз қолында болған дәрігерлерде, көкпен таласқан зәулім ғимараттарды салған инженерлер де ұстаз алдынан өтеді. Заманынан озық тұлғалардың әр кезінде дұрыс бағыт алуы да тікелей ұстаздың үлесі.


**Әдебиеттер:**

1. Мағжан Жұмабаев «Педагогика».1992.Алматы Білім беру жүйесіндегі актуалдымәселелер - Оқушылардың өзге жұмыстары - (bilim-all.kz)
2. Педагогика XXI века: инновационные методы обучения – тема научной статьи по наукам об образовании читайте бесплатно текст научно-исследовательской работы в электронной библиотеке КиберЛенинка (cyberleninka.ru)
3. Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д. Общие принципы педагогики и современные инновации.2016.


## СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИНА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ


**Каримова Айхан Баратбаевна**
*Жамбылская область,район Т.Рыскулова*
*средняя школа №3*
*Учитель русского языка и литературы*


В современное время - время новых технологий и новейшей техники, время непрерывных перемен и открытий - предъявляется множество новых требований к уровню обучения и воспитания подрастающего поколения. Последние два десятилетия очень многое изменилось в образовании. Я думаю, что нет такого учителя, который бы не задумывался над вопросами: «Как сделать урок интересным, ярким? Как увлечь учеников свои предметом? Как создать на уроке ситуацию успеха для каждого ученика?». Каждый современный учитель мечтает, чтобы на его уроке ребята работали добровольно, с интересом, творчески.

Ведь именно интерес является основным стимулом деятельности ребенка, его обучения, развития.

Сегодня основная цель обучения - это не только накопление учеником определённой суммы знаний, умений, навыков, но и подготовка школьника как самостоятельного субъекта



Сканировано с CamScanner

«БІЛІМ ШУАҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ
МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитеті
№KZ25VPY00087946

# DIPLOM

## I дәрежелі

«Білім шуағы» республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығының білім беру мекемелері ұстаздарының арасынан ең озық ұстаздарды анықтау,оларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Шығармашыл ұстаз» конкурсында үздік нәтиже көрсеткені үшін Түркістан облысы, Төлеби ауданы, "Жыланбұзған" ЖББМ

Информатика пәнінің мұғалімі

Каратаева Луиза Халыкуловна

марапатталады

«Білім шуағы» республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығының директоры Н.Н.Уразбаева

Алматы 2024ж

тіркеу №02/28

Сканировано с CamScanner

«БІЛІМ ШУАҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ
МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитеті
№KZ25VPY00087946

# CERTIFICATE

Халықаралық ғылыми-танымдық педагогикалық «Innovative teachers»
журналының наурыз айындағы №2 санына Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
"Жыланбұзған" ЖББМ
Информатика пәнінің мұғалімі
«XXI ғасыр - цифрлық дәуір педагогикасы»
тақырыбындағы жұмысын жариялағанын растау үшін
Каратаева Луиза Халыкуловнаға
берілді

«Білім шуағы» республикалық ғылым мен
білімді қолдау орталығының директоры Н.Н.Уразбаева

Алматы 2024ж

тіркеу №02/27

Сканировано с CamScanner

Республикалық ғылыми-танымдық,
педагогикалық журналы

# ҰСТАЗ МҰРАСЫ

№27 (наурыз) 2024 жыл



Бесбаева Меруерт Садуақасқызы
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
О. Бапышев атындағы №8 ЖОМ КММ
тарих және құқықтану пәнінің мұғалімі

Сканировано с CamScanner

сознание людей. Писатель опирался на все главные религиозно-философские системы и во многом раздвинул границы рассмотрения человеческой духовности.

Огромную этическую ценность имеют романы Ф. М. Достоевского, который подчеркивал, что человек, прежде чем выбирать, должен знать, ради чего он может, должен или хочет принять решение. Он должен знать, существует ли нравственный закон, чем отличается добро от зла, и, если все это имеет место, откуда они берутся и как обосновываются. То, что мы, сталкиваясь с этим законом в жизни, принимаем за ожидаемое и рассматриваем как частный случай всеобщего, конечно же, не является познанием прекрасного ни в природе, ни в искусстве. Закат солнца, производящий на нас неизгладимое впечатление, не просто один из закатов: это тот неповторимый закат, который является для нас "трагедией неба". Именно в области искусства впервые выяснилось, что произведение нельзя понять как таковое, если оно рассматривается лишь со стороны его встроенности в другие взаимосвязи. Его истина, обращенная к нам, – это не проявление заключенной в нем всеобщей закономерности.

Можно исследовать дефиницию красоты в том варианте, в каком она толкуется английским философом, представителем неореализма Джорджем Муром. Он рассматривает прекрасное через призму "добра", которое мыслится как основополагающая этическая категория. В этом случае эстетическая ценность сводится к функции ценности этической. Попробуем извлечь зерно истины, анализируя взаимоотношение этики и эстетики. Не будет откровением утверждение с позиции интуитивизма о том, что взаимоотношения эстетической ценности произведения и этических ценностей переживания, возникающих у различных людей, сложны и с трудом поддаются формулировке.

Здесь мы сталкиваемся с трудностями трактовки прекрасного. Если картины Боттичелли, стихи Вордсворта или концерты Вивальди были и остаются прекрасными, этого не скажешь о музыке Стравинского, картинах Пикассо, пьесах Жене и Бекетта. Как бы мы ни хвалили произведения этих мастеров, в основе нашей оценки всегда будет лежать убеждение в том, что их искусство имеет своей целью добро и поэтому обладает этической ценностью.

Если нечто мы называем с эстетической точки зрения добрым (т.е. восхищенное созерцание творит добро), то здесь нас подживает ряд трудностей. Например, эстетическая ценность не всегда может быть выражена в терминах восхищенного созерцания, ибо следует учитывать способность к эстетической оценке воспринимающего субъекта. Если школьник ничего не понимает в картинах Пикассо, разумеется нельзя считать, что это говорит не в пользу Пикассо. Стало быть, можно модифицировать определение Мура следующим образом: сказать, что произведение обладает большой эстетическом ценностью, означает, что соответствующее переживание имеет высокую ценность.

***Список использованной литературы:***

1. Радищев Е.К. Ф Избр. соч. Т.1.М.2001г.
2. Брюсов. В. Избр. соч. Т.2.М.2011,С 210

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ӨЗГЕРІСТЕР

**Каратаева Луиза Халыкуловна**
*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,*
*"Жыланбұзған" ЖББМ*
*Информатика пәнінің мұғалімі*

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы-жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабағының ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділік) әдіснамасы жатыр деп айтуға болады. Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқараста, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді, ойлауды, жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген,ал сондай-ақ дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бүгінге дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұратын болады

1. Оқу мақсаттарының қойылуы
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3 Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады.



Сканировано с CamScanner

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады Мысалы дүниетану пәнінен судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы тақырыбын өткенде, «Су Жер бетінен жойылып кетсе не болады?» атты пікірталас ұйымдастыру.Әрбір оқушы өз ойын ортаға салады.

Дамыта оқыту технологиясы оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология. Атап айтсам, «Кешіккенді үйренемін» ойынының мақсаты: сағат, тәулік түсініктерін пысықтау, жол жүруге қажетті уақыт аралығын,т.б есептеу болып табылады. «Мен бастаймын, сен жалғастыр» бұл ойында оқушы өрнекті айтады, мысалы, 12 мен 9 санының айырмасы, ал екінші оқушы осы өрнекке лайықты жалғасын ойластырады. «Не артық?» ойны барысында ерекшеленіп тұрған әріпті атау тапсырылады. Сондай-ақ, сөздік диктант жазғанда жұмбақтар жасырып, шешулерін жазғызу керек. Сауаттылығын арттырумен бірге ой өрісін дамыту көзделіп отыр.

Математика сабағында логикалық есептер, шығармашылық тапсырмалар қолданған жөн. Сонымен қатар оқушылар математикада басқатырғылар, ребустар, лабиринттер, сиқырлы шаршылар шешеді. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, ізгер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық - құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

**Ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:**

1. **Оқу материалын терең түсінуге;**
2. Алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
3. Білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына, т.б

Қазіргі уақытта сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.Флипчарт – бұл бірнеше қажетті беттерден тұратын негізгі жұмыс аймағы. Бұл аймақта презентацияны құруға және оны көрсетуге қажетті құралдардың барлығы көрсетіледі. Бірнеше флипчарттарды бірден ашып, бір флипчарттан келесі флипчартқа, объектілерге сілтемелер қоюға немесе объектілерді бір мезетте келесі бетке көшіруге болады. Флипчартты басу құрылғысынан шығаруға немесе әр түрлі форматтарда экспорттауға болады.


***Библиографиялық тізім***

**1.Білім заңы. Алматы, 2017 ж.**

**2.С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2018ж.**

3.А.Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру. Қазақстан мектебі, №2, 2014

4.Педагогика журналы №2-2059ж.

5. Қазақстан мектебі №3, 20116. Қазақстан мектебі №4,2015


## ҚАРА ДОМБЫРАНЫҢ ҚАСИЕТІ




**Каржаубова Сауле Тулеубаевна**

*Қостанай облысы, Амангелді ауданы*

*"Амангелді ауданы білім бөлімінің музыка мектебі"*

*Домбыра сынып мұғалімі*


Домбыра мұнша шешен болдың неге?
Күй толған көкірегің шежіре ме?
Сыр қозған ғасырлардан жеткен үнің,
Саусағым тиіп кетсе ішегіне.

Бұл – ақын Қасым Аманжоловтың домбыра жайлы өлеңі. Екі ішекті осы бір музыкалық аспап ұлтымыздың қасиетін айғақтап жатқандай көрінеді. Оның пайда болуы туралы аңыз көп. Соның бірі – «Мұңлық пен Зарлық» оқиғасы. «Ертеде бір хан қызының келей жігітпен көңіл жарастырғанын сезіп қалады да жігітті дарға асуға бұйрық береді. Жүкті болып қалған қыз мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап-жасыл үлкен бәйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді. Сәбилердің көз жасы толған бәйтерек солады, жүрегі тоқтаған нәрестелерімен бірге ағаш та қурады. Қашқу әңгіме халық арасында жата ма оны естіген қыз егізін іздеп, жолға шығады. Жолдан шаршаған, қыз бала ағаш түбіне келіп демалады. Құлағына күмбірлеген сарын естіледі. Қайдан шығатын әуен екенін білгісі келіп, ағаш үстіне шығып тыңдаса, жаңағы бәйтерек сынып кетеді. Ағаш түбінен басына дейін іші қуыс екенін көреді. Екі басында бұтақтан-бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Екі ішек самал желмен тербеліп, одан әуен шығады екен. «Егіз құлынымнан қалған жұрнақ осы болар» деп сол ағаштан аспап жасап алады. Батысқа қараған ішегі бостау, шығысқа қараған ішегі қаттылау керілген екен. «Астыңғы ішек жіңішке дауысты қызым Зарлық, ал, үстіңгі ішек бос қоңыр дауысты ұлым Мұңлық болсын» деп екі ішекке ат қойып, домбырасын тартып, күй шығарып кеткен екен» – дейді аңыз-әңгімеде.

Бұдан бөлек домбыра ішегі үш ішекті болған екен. Оған қатал хан қорғасын құйдырып, бір ішегі үзілген деген де әңгіме бар. Бұл жайында «Ақсақ құлан» деген күй де шыққан. Ерте заманда Жошы ханның (кейбір деректерде Шыңғыс хан деп айтылады) ұлы құлын аулауға шығып, үйірді бастап жүрген басшы құланды жаралайды. Ызалы құлан аңшыға тап беріп, оны өлтіреді. Жошы хан бір сұмдықтың болғанын сезіп, баласы туралы жаман хабар әкелген адамның көмейіне қорғасын




Сканировано с CamScanner

«БІЛІМ ШУАҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ
МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитеті
№KZ42VPY00073575

# ДИПЛОМ

## І дәрежелі

«Білім шуағы» республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығында ұйымдастырылған
«Қазақстандағы заманауи білім берудің өзекті мәселелері және жаңа көзқарастар»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына белсенді қатысып
үздік нәтиже көрсеткені үшін Түркістан облысы,Төлеби ауданы,
"Жыланбұзған" ЖББМ информатика пәнінің мұғалімі
Каратаева Луиза Халыкуловна
марапатталады

«Білім шуағы» республикалық ғылым мен
білімді қолдау орталығының директоры Н.Н.Уразбаева

Алматы 2024ж тіркеу №27/24

Сканировано с CamScanner

«БІЛІМ ШУАҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ
МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитеті
№KZ42VPY00073575

# СЕРТИФИКАТ

Республикалық ғылыми-әдістемелік,педагогикалық «Ұстаз мұрасы» журналының
Наурыз айындағы №27 санына Түркістан облысы,Төлеби ауданы,
"Жыланбұзған" ЖББМ информатика пәнінің мұғалімі
«Қазақстанның білім беру жүйесі және ондағы қазіргі өзгерістер»
тақырыбындағы жұмысы жарияланғанын растау үшін
Каратаева Луиза Халыкуловнаға
берілді

«Білім шуағы» республикалық ғылым мен
білімді қолдау орталығының директоры Н.Н.Уразбаева

Алматы 2024ж тіркеу №27/23

Сканировано с CamScanner